

Талас ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 40-12 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 қаңтарда № 2463 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 ақпандағы № 51-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 17.02.2016 № 51-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес және Талас ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талас ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орны болып Қаратау қаласының Орталық алаңы белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихат аппаратының басшысы С. Рысбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Д. Нурбалтаев

Мәслихат хатшысы
Ж. Әсемов